

Из отраслевых проблем маркетинга в управлении земельными ресурсами можно выделить следующие особенности земельных ресурсов:

Земля является природным даром, невоспроизводимым ресурсом. Она создается природой, а не трудом человека. Человек может улучшить или ухудшить состояние земельных ресурсов, но человек не может по своему желанию создавать земельные ресурсы. Продуктивность земельного участка означает способность земельного участка производить доход, превышающий расходы, связанные с использованием этого участка (неземельные издержки). Применение удобрений, мелиорации и другие позитивные действия человека на почву повышают плодородие земли. Результатом влияния природных сил и деятельности человека является экономическое или эффективное плодородие. Экономическое плодородие определяет продуктивность сельскохозяйственных земель.

Также новые условия для проведения маркетинга создают природные и экономические процессы, которые, изменяясь и интегрируясь, требуют от маркетинговой деятельности гибкости и большой адаптационной способности.

Таким образом, представлены и охарактеризованы методы и функции маркетинга в управлении земельными ресурсами, проведен анализ особенностей маркетинговой деятельности в управлении земельными ресурсами.

1. Романов А.Н., Корлюгов Ю.Ю., Красильников С.А. и др. Маркетинг: учеб. / Под ред. А.Н. Романова. – М.: Банки и Биржи. ЮНИТИ, 1996. – 560 с.
2. Абрамова Г.П., Жигалин М.М., Семенова Е.И. и др. Маркетинг в АПК / Под ред. Г.П. Абрамовой. – М.: Колос, 1977. – 240 с.

\* \* \*

Бұл мақалада жер ресурстарын басқарудағы маркетингтің ерекшеліктері, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен өткізу дегі өндірістің негізгі құралдары жер болып табылатындығы қарастырылады.

In given article features of marketing in management of ground resources which is connected with manufacture and realisation of agricultural products where the basic means of production is the earth are considered.

УДК 631.02.09.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Есенбаев Ф.Е.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті


Қазақстан Республикасы еркендеп дамуы барысындағы ұзақ мерзімге жүктелген “Қазақстан-2030” стратегиясы аясында Қазақстан Республикасының Индустріалдық-Инновациялық дамудың 2003-2015 жылдарға арналған бағдарламасы мақсат тұтылды. Бұл екі стратегияның түпкілікті мақсаты, бағыт-бағдары еліміздің дамуы, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, экономиканың әртараптануы болып табылады. Осы мақсатқа жетуде айқындалған ең бір маңызды бағыт ішкі жинау қорлары мен шетел инвестицияларының деңгейін үдемелі шапшандықпен дамыта отырып, экономикалық өрлеу қарқының тұрақты түрде еселеп арттыру болып табылады.

Қазақстанның жалпы инвестициялық қызыметін талдасақ, шетел инвестицияларының ел экономикасында маңызды орын алатынын көреміз. Шетел инвесторлардың Қазақстанға деген қызығушылығын тудырған басты себептердің бірі болып оның ірі азиялық өткізу нарығына жақындығы болып табылады. Қазақстан ЕО елдерімен бірге өзара әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Ол осы елдер арасында тауар мен капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету мүмкіншілігін ашады, салық салу жеңілдіктерімен қамтамасыз етеді. Сондықтан да шетел инвесторлары Қазақстан экономикасына инвестицияларын салғанда көптеген артықшылықтарға ие болады.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде шетел инвестициялардың көлемі бойынша Ресей мен Украинадан кейін баскы орынды алғып отыр. 1993 жылдан 2008 жылға дейін Қазақстанға тартылған жалпы тікелей шетел инвестициялары 69 млрд АҚШ долларын құрады. Оның ішінде 2001-2003 жылдары елге жыл сайын 4-4,5 млрд АҚШ долларына тең, ал 2004 жылы-8,4 млрд АҚШ долларына тең шетел тікелей инвестициялары тартылды. 2007 жылы шетел тікелей инвестициялар ағыны 17,5 млрд АҚШ долл құрап, ол 2006 жылдан (10,6 млрд АҚШ долл) 60,5%-ға көбейіп, 2004 жылғы рекордтық 8,4 млрд АҚШ доллармен салыстырғанда, 2005 жылы тікелей шетел инвестициялардың жынытық ағыны 6,4 млрд АҚШ доллардан асты. 2005 жылы шетел тікелей инвестициялардың 2004 жылға қарағанда жынытық ағынының азауы 2004 жылғы жоғары көрсеткіштермен, сонымен қатар шетел инвесторларынан ірі Солтүстік Каспий жобасының улесін сатып алу операциясымен түсіндіріледі. Шетелдік тікелей инвестициялар үлесі бар кәсіпорындардың экспорттық табыстарының өсімі есебінен шетел инвесторлары алдында қарыздық міндеттемелерді өтеу көлемі де үлкейді. Қазақстандық кәсіпорындармен тікелей инвестициялар бойынша қарызды өтеу 2003 жылдың 2,3 млрд доллардан 2005 жылы 4,4 млрд долларға есті.

#### **КР-сина тартылған шетел инвестицияларының динамикасы**

/млн.долл./



Дереккөз: КР Ұлттық банкінің реңми мәліметтерінен

1996 жылдан бергі Қазақстан экономикасына тартылған шетел инвестициялары тұрақтыда қарқында өсу үстінде. Суретте көрсетілгендей шетел инвестициялары 2008 жылы шамамен 20 млн.долларға жеткені осы жылғы ЖІӨ-ге қатынасы 20.1 пайызды құрап отыр. Қазақстандық экономиканың дамуы мен саяси тұрақтылық шетел инвестицияларын тартудың маңызды факторы болып келеді. Қазақстандық нарықтың тартымдылығы оның шетел инвестицияларын тарту бойынша жүргізіліп жатқан саясатымен түсіндіріледі.

Ал ел экономикасына тартылып жатқан осы шетелдік инвестициялардың инвесторлары ретінде 2008 жылғы дерекпен қосқанда 1993 жылдан бергі онбес жыл ішіндегі 69 млрд.долларды біздің экономикаға құйып отырған негізгі инвестор мемлекеттер ретінде: ең ірі инвестор болып АҚШ-15977,5 млн.доллармен (23,2% Қазақстандағы жынытық тікелей шетел инвестицияларының ішінен), Нидерланды-10889,4 млн.доллар (15,8%), Ұлыбритания-5952,3 млн.доллар (8,6%), Италия-3361 млн.доллар (5%), Франция-3374,7 млн.доллар (4.9%), онтүстік Корея- 2391,9 млн.доллармен (3.48%), Швейцария-2889,1 млн.долл (4.2%), Қытай-2392.5 млн.долл (3.48%), Басқа елдер-8024 млн.долларды (11,6%) кіреді.

#### **Қазақстанға шетел инвестициялары инвесторлар**

**бойынша жынытық ағын бойынша**

/млн.долл және пайызben/

Елдер	1993- 2008	Пайызben
АВСТРИЯ	5153.80	3.51
ҰЛЫБРИТАНИЯ	12394.90	8.43
ВИРГИН АРАЛДАРЫ (БРИТАНДЫҚ)	9090.70	6.19
ИТАЛИЯ	6900.50	4.70
КАНАДА	5009.70	3.41
ҚЫТАЙ	4944.40	3.36
НИДЕРЛАНД	25899.10	17.62

КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫ (ОҢДҮСТІК)	4956.40	3.37
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ	5687.00	3.87
АҚШ	29922.60	20.36
ФРАНЦИЯ	7803.60	5.31
ШВЕЙЦАРИЯ	5751.80	3.91
БАСҚА ЕЛДЕР	6565.20	4.47
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР	463.4	0.32
Басқа елдер	8023.9	5.46
<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>146972</b>	<b>100.00</b>
оның ішінде ТМД елдері	8405.00	1.78

Дереккөз: КР Ұлттық банкінің ресми деректеріне негізделіп есептеленді

Казақстандық экономикада шетел инвестициялар көлемі жөнінен бірінші орынды АҚШ-15977,5 млн.доллары иеленеді. 1993 жылдан бастап АҚШ Қазақстанның ең ірі инвесторы болып келеді. Екінші орынды Нидерленды 10889,4 млн.доллар алады. Сонымен бірге 2008 жылғы Қазақстанға келген шетел инвестицияларына басты инвесторлар ретінде Нидерланд 17.6 пайыз, Британия 14.2 пайыз, АҚШ 14, Ресей федерациясы 4.3 пайызды құрап отыр. Инвестор елдер арасында Голландық компаниялар көшбасшылықты өндеуші өнеркәсіпте, транспорт пен байланыста, қаржылық қызметте, білім, денсаулықты сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету, сонымен қатар жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру мен кәсіпорындарға қызмет көрсету салаларында иемденеді. Инвестицияландыру негізінен Royal Dutch Shell, Unilever мен Phillips сияқты ірі корпорациялармен жүргізіледі. Нидерландыдан кейін үшінші орынды Ұлыбритания 5952,3 млн.доллар алады. Ұлыбритания инвестициялары тау-кен өнеркәсібінде және транспорт пен телекоммуникация салаларында көбірек шоғырланған.

1993 жылдан бастап шетел инвестициялар жиынтық ағынының салалық құрылымында мұнайгаз саласындағы инвестициялар-26722,6 млн.доллар (жалпы көлемнен 38,8%) басым болып тұр. Металл рудаларын өндіруге 1951,5 млн.доллар (2,8%), геологиялық зерттеу мен барлау жұмыстарына 20884,3 млн. доллар (30,3%), өндеуші өнеркәсіпке 6578,2 млн.доллар (9,5%) шетел инвестициялары тартылды. Қазақстандағы 25 ірі ТҮК компанияларының 28% мұнай мен газ бизнесімен айналысады. Шетел инвестицияларының мұнай саласында басым болуы мұнай-газ саласындағы ірі жобалардың іске асыруымен байланысты. 2003 жылы мұнай саласына тартылған шетел тікелей инвестициялардың жалпы ағыны 4607,6 млн АҚШ долларын құрады. Қазақстанның шетел инвестицияларын тарту саясатына сенім білдірген компаниялардың ішінде Chevron, Mobil, Amoco, Texaco, Agip, Eni Group, British Gas, Elf Akiten, British Petroleum, Statoil, сонымен қатар Солтустік Америка, Еуропа мен Азияның, Ресейдің компаниялары бар.


Сонымен шетел инвестицияларын тиімді пайдаланған кезде, экспортты диверсификациялауга, елде қосымша жұмыс орындарын ашуға септігін тигізіп, мемлекеттің сыртқы қарызын көбейтпей, капиталдың сыртқа кетуін қысқартады. Соңықтан дамушы мемлекеттер тікелей шетел инвестицияларын тартуға ұмтылады. Бірақ бұл мемлекеттер үшін оларды тартумен бірге, рационалды қолдануда өте маңызды.

2008 жылдың 31 желтоқсан бойынша Қазақстан экономикасына тартылған жалпы шетел инвестициялары 19809 млн.долл. құрады. Оның ішінде: ауыл шаруашылығы, аң аулау мен орманшылық, балық аулау-0.16%); тау-кен өнеркәсібі-16.67%; өндеуші өнеркәсіп-8.87%; электрэнергия, су мен газ өндірісі және бөлу-0.68%; құрылым-2.26%; сауда, көлік және тұрмыстық құралдарды өндеу- 4.16%; қонақ үйлер мен мейрамханалар-0.17%; транспорт пен байланыс-1.32%; қаржылық қызмет-11.33%; жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру мен кәсіпорындарға қызмет көрсету- 40.09%; мемекеттік басқару-0,2%; білім, денсаулықты сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсетулер-0,2%;

Осы суреттөн көріп отырғанымыздай, шетел инвестициялары 2008 жылы көбінесе қаржылық қызмет саласына көбірек тартылғанын байқаймыз. АҚШ-ғы ипотекалық дағдарыс әсері еліміздегі қаржы саласына ауыр тиді. Банктер активтерінің өсіруін сырттан қарыз алу арқылы жүргізіп жатыр (сауда несиелері мен ссудалар 43483,4 млн.долл). Тау-кен өнеркәсібіне 2008 жылы жалпы жиынтық шетел инвестициялардың 11,3% тартылды, оның ішінде шетел тікелей инвестициялар басым болып, 4674,8 млн АҚШ долларын құрады, алдынғы жылмен салыстарғанда екі есе өскен байқаймыз.

18.6	05.2008	АНАДА
08.11	01.2008	НАПІДІ
58.71	01.2008	ПНАРДІЛДІК

## Шетел инвестицияларының құрылымы 2008



- Ауыл шарашылығы, аң аулау, ормашылық, аң аулаушылық
- Тау - кен энергесібі
- Өндөрші энергесін
- Күрьыны
- Конак үйлер мен мейрамханалар
- Сауда, көлкі және тұрмыстық құралдарды жөндеу
- Білім беру, дең саулық, әлеуметтік сала
- Көзгальмайтын мүлікпен операциялар, жалға беру
- Көсілтік қызмет
- Басқа түрлі

Дереккөз: ҚР Ұлттық Банк ресми мәліметтері негізінде

Шетел инвестициялары ағымын ынталандыру бойынша жүргізіліп отырған іс - шаралар арқасында капитал салымы көрсеткіштері жоғарлауда. Бұл инвестициялар қ ахуалдың жақсаруын, іскерлік белсенділіктің жоғарлауын, біздің елімізге шетелдік және отандық инвесторлар жағынан сенімділіктің өсуін дәлелдейді. Жағдайды жақсартуда инвестициялар жөніндегі Комитеттің құрылудының маңызы өте зор. Сонымен бірге, Қазақстанға шетел капиталын тарту көлемі республика экономикасында ірі құрылымдық қайтакұруларды жүзеге асыру үшін жеткіліксіз, олардың қолданылу бағыты мен тиімділігі қофамдық мүддеге сәйкес келмейді.

Инвестициялары климатымыздың қолайлы болып, көшбасшылар қатарына шығу үшін бізге саяси жігер және нақты істер қажет. Экономикалық құралдарды қолдануда алғырлық танытып, әлемге танымал ірі инвесторларды тарту керек. Жаңа өндірісті құруға, экономиканың өндөрші секторын дамытуға бағытталған инвестция ағымын тиімді қолданып, өндөрші сала қызметін көтеруге бағытталған жұмысты бақылау талап етіледі.

Қорытындылап келгенде еліміз инвестицияға тартымды 20 елдің қатарына кіріп отырғанымен қазіргі кезде біздің тартымды сала бастаушы сала яғни шикізат өндіру болып отыр. Тартылған инвестициялардың көлемінің өсіп жатқанына қанағаттанып отырмай ары қарай шетел инвестициясының тартымды бағытын өндірістік салаға бұратын уақыт келгенін ескерейік. Алдымызға қойылған саяси-экономикалық маңызды мақсаттарға жету үшін бұл бұл мәселенің маңыздылығын білеміз.

1 Н.Ш.Әлжанова, Инвестициялар жобалау, Алматы 2007.

2 Бочаров В.В. Инвестициялар қаржылық жинағы, 1995, 1286

3 Нупов К.Ш. "Модели оценки эффективности инвестиций", Алматы 2004.

4 ҚР статистикалық агенті мәліметтері [www.stat.kz](http://www.stat.kz)

5 ҚР ұлттық банк мәліметтері [www.nbkz.kz](http://www.nbkz.kz)